

А.Божқараұлы

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: altai6969@mail.ru)*

Әлемдік көші-қонның жіктелуі және оны құқықтық реттеу мәселелері

Қазіргі әлемде көші-қон үрдісі өзінің күрделілігімен ерекшеленеді. Себебі құқықтық сұрақтардан басқа, саяси, экономикалық, демографиялық, әлеуметтік мәселелер туындап отырады, этногеографиялық және экономикадағы еңбек ресурстары мәселелері орын алады. Заңнамалық реттеу көші-қон үрдісін ұйымдастыру, оны реттеуде және құқықтық қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады. Солардың ішінде заңнамалық қыры ерекше орынды иеленеді, себебі көші-қон үрдісін тиісінше ұйымдастыру, реттеу, құқықтық қамтамасыз етуден қоғамның өмір сүруі үшін мәні маңызға ие басқа да мәселелердің шешілуі байланысты болып отыр.

Кілт сөздер: көші-қон, көші-қон түрлері, қоныс аудару, еңбек көші-қоны, көші-қон факторлары, босқын, көші-қон саясаты.

Көші-қон құқығының институттары мен нормаларының құрылымы халық көші-қонының әр алуан түрлері мен топтарынан тұрады. Зерттеуде анықталғандай, халықтың көші-қонына күрделі әлеуметтік феномен ретінде көптеген мамандық иелері – демографтар, экономистер, географтар, тарихшылар, этнологтар, әлеуметтанушылар, құқықтанушылар, саясаттанушылар зерттеу жүргізеді. Әрбір білім саласының аясындағы ғылыми талдау жасаудың мақсаты мен сипатына байланысты көші-қонды талдаудың, атап айтқанда, анықтамасына, тұрпатына және зерттеу әдістеріне арнайы көзқарас қалыптасады.

Демографиялық, әлеуметтану мен экономикалық зерттеулерде «көші-қон» түсінігінің кең көлемдегі мәні оның ұзақтығына, реттелуіне немесе мақсаттылығына байланыссыз халықтың қандай да бір қоныс аударуын білдіреді. Демек, көші-қон деп тұрғылықты жерін тұрақты немесе уақытша өзгертуге байланыссыз қоныс аударуға әкелетін халықтың осындай көшіп-қонуын айтамыз.

«Көші-қон» термині тар мағынада бір мезгілде екі жағдайды білдіретін: біріншіден, халық бір мекенжайдан екіншісіне көшіп қонады, екіншіден, қоныс аудару тұрақты мекенжайды өзгертуді білдіретін аумақтық тұтастық үлгісіне қатысты қолданылады. Мұндай көзқарастағы көші-қон процестеріне кезеңдік немесе маусымдық қоныс аударулар (туристік, іскерлік, оқуға байланысты) және бағарлы көші-қон актілері (тұрғын жерінен жұмыс орнына дейін және кері бағыты) кірмей қалады.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық талдау нысаны ретінде көші-қон қозғалысының ерекшелігі бұл құбылыстың аумақаралық сипатымен белгіленеді. Егер табиғи құбылыстар мен басқа да ішкі демо-, экономикалық үрдістер қоғамдағы жекелей дамуды білдірсе, ал көші-қон адамзат қоғамдастығының әр алуан аумақтық және әлеуметтік бөліктерінің өзара ықпал етуін білдіреді. Көші-қон үрдісі тек географиялық, аумақтық мекенжайдың ғана емес, сонымен бірге тиісті социумның, әлеуметтік, саяси-құқықтық ортаның да күрт өзгеріп отыруына жиі байланысты болады. Жеке тұлғалар бұрынғы аумақтық (географиялық) мекенжайын тастап қана қоймайды, бір социумнан шығып жаңасына барады, бұл өз кезегінде тиісті қатынастарды саяси-құқықтық жолмен реттеу қажеттілігін тудырады.

Көші-қонды әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық жолмен талдау мен олардың жіктелуі халықтың қоныс аударуының қозғаушы күштерін, осы үрдіске қатысты тұлғалардың ниеттерін; көші-қон процесінің қоғамдық дамудың басқа да түрлерімен өзара байланысын анықтау мақсатында жүргізіледі. Расында, бұл көші-қон процестерінің демографиялық дамуы мен еңбек нарығының өзгеруі, әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық жағдайларына ықпал етуін бағалауға; сонымен бірге көші-қон үрдістерінің даму барысын, олардың алдағы беталасын және тиісті саяси-құқықтық жолмен реттелуіне баға беру үшін қажет.

Жалпы халықтың көші-қоны тұрақты немесе уақытша мекенжайды ауыстыруға байланысты ерікті және еріксіз болып бөлінуі мүмкін [1; 135].

Көші-қонның қандай себеп-салдарлары болады? Жүргізілген ғылыми талдау көрсеткендей, мүмкіндігі бар қоныс аударушылардың көшіп-қону көңіл-күйіне ықпал ететін белгілі бір объективті және субъективті факторлар болады.

Бәрінен бұрын бұл көшу немесе мекен ауыстыруға мәжбүр ететін жағдайларды тудыратын сыртқа тебу (push) және ішке тарту (pull) деп аталатын негізгі екі фактор болып табылады. Мүмкін болатын қоныс аударудың көшіп-қону себептері тиісті экономикалық, әлеуметтік факторлардың әсерімен қалыптасады және негізінен жеке тұлғаның (немесе белгілі бір топтың) өзінің (немесе өзінің отбасының) әлеуметтік мәртебесін көтеру ниетіне байланысты болады. Көші-қонның тууына әсер ететін кешенді себептерді кең көлемде мына өлшемдермен: экономикалық; саяси; әлеуметтік; табиғи (қоршаған орта жағдайына байланысты) деп топтастыруға болады.

Көші-қон құқығы тұтас алғанда халықаралық қатынастарда бағдарлаушы қызметін атқарады. Мемлекет оның көмегімен адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынастардың, оның ішінде көші-қон саласындағы жүріс-тұрыстың жалпыға ортақ стандарттарын белгілейді. Көші-қон құқығының бағдарлаушы қызметі көші-қон процестерін халықаралық деңгейде реттеп отыру, жеке тұлғаның жүріс-тұрыс еркіндігі құқығын қамтамасыз ету мақсатында тәртіпке келтіріп, келістіріп отыру болып табылады. Ол көші-қон құбылыстары мен процестерін жүргізуге қатысты көші-қон құқығының жалпыға ортақ стандарттары мен нормаларын қолдау, орындау және қалыптастыруға бағытталған тараптардың келісімшарт нәтижелерімен белгіленеді.

Көші-қон құқығы құқықтың басқа да салалары сияқты әлеуметтік құбылыс болып табылады, оның әлеуметтік негізі болады, тиісті қоғамдық қатынастарды, оның ішінде халықтық көші-қон процесінде пайда болатын қатынастарды да реттеп отыру үшін туындайды және даму үстінде болады. Адамзат баласы жаратылғаннан бері халықтың көші-қоны да, сол сияқты көші-қон құқығы да бірге жасасып келеді. Көші-қон құқығының қағидалары мен қалыптасу барысын жете түсіну үшін пайда болу негіздерін, сонымен бірге көші-қон процестерінің түрлі топтары мен түрлерінің дамуындағы себеп-салдарларды үйлестіре білу қажет.

Көші-қонның қозғаушы күштері төмендегідей жіктеледі:

Экономикалық: жеке лей немесе отбасы мүмкіндіктері; ресурстарға рұқсат алу; ұлттық және халықаралық еңбек саясаты мен экономикалық даму.

Саяси: соғыс және азаматтық толқу; адам құқығының бұзылуы; мемлекеттердің реформалануы; үкіметтер саясаты.

Әлеуметтік: отбасыларды біріктіру; көші-қон желісі; білім алу мүмкіндіктері; өзге жерлер мен мәдениеттер жөнінде білімнің кеңеюі; нәсілдік және ұлттық құрам; дін.

Табиғи: табиғи катаклизмдер және қауіптілік; кенет басталатын табиғат апаттары; қайғылы оқиғалар; урбанизация және даму; соғысқа байланысты күйзеліс.

Аталған себептерге сәйкес солар арқылы туындайтын көші-қон процестері мен көші-қон ағымдары бөлініп шығады (жіктеледі). Көші-қонның бірыңғай, жалпыға ортақ жіктелуі болмайды. Ғалымдар арасында көші-қонды жіктеуде түрлі көзқарастар орын алған. Жіктелу негізінің өлшеміне байланысты көші-қон қозғалысының жіктелу кестесі болады.

Көші-қонды зерттеудің аса маңызды, сапалы анықталған аумақтық, әлеуметтік және саяси-құқықтық бірліктегі негізгі тұтас объектісі ұлттық аймақ болғандықтан (мемлекет немесе аумақ), қандай да бір елге қатысты, сыртқы (халықаралық) және ішкі көші-қон қозғалысының бөлінуі шығады.

Көші-қон ұзақтығына байланысты тұрақты (тұрақты мекенжайға қоныстану) және уақытша (қайта көшуі мүмкін); заңдылығына байланысты – ашық және жасырын болып бөлінеді. Көші-қонды жүргізу әдістеріне қарай ұйымдасқан және ұйымдаспаған (жеке) деп айырады. Алғашқылары мемлекеттік, халықаралық органдар, кейде мемлекеттік емес ұлттық немесе халықаралық ұйымдар, қайырымдылық қорларының жәрдемімен жүргізіледі. Кейінгілері нақтылы мекемелердің материалдық және ұйымдық қолдауынсыз көшіп-қонушылардың өздерінің қаражат күштерімен «ұйымдастырылады». Жүргізудің ұзақтығы мен әдістерінің өлшемдері халықаралықпен қоса мемлекетшілік көші-қон қозғалыстарын жіктеуде қолданылуы мүмкін, ал заңды қоныс аудару – тек сыртқы көші-қонға қатысты болады.

Сол сияқты халықтың қоныс аударуының себептеріне, көші-қон ағымдарының түрлеріне және олардың жіктеуіне байланысты қазір көші-қонды жіктеудің мынадай кең таралған түрлері бар:

Ішкі көші-қон дегеніміз — бір елдің ішіндегі халықтың қоныс аударуы, оларды тәртіп бойынша көші-қон ағымдарының бағыты бойынша орналастыруы.

Ауыл — ауыл: ауылшаруашылығы жұмыскерлерін бір ауылдық аумақтан екіншісіне көшіріп қондыру. Әлі де аграрлы ел болып есептелетін Үндістан, Тайланд және Африканың көпшілік елдерінің ішінде «ауыл — ауыл» көші-қоны басым.

Ауыл — қала: халықтың ауылдық жерден қалалық жерге қоныс аударуының себебі кедейшілік болып табылады: ауыл шаруашылығындағы табыстың төмендігі; еңбек өнімділігінің төмендігі; халық санының артуы; жетіспеушілік, жердің тарлығы, шаруашылықтың бөлшектенуі мен жердің әділетсіз бөлінуі; экологиялық ауыртпалықтар мен салыстырмалы түрде экономикалық мүмкіндіктердің болмауы. БҰҰ-ның деректері бойынша, кейінгі 20 жылда дамушы елдердің қала халқы миллиард адамға дейін жетеді деп күтілуде. Қазіргі уақытта бұл дамушы елдердің кең таралған ішкі көші-қон үлгісі болып табылады.

Қала — қала — жалпы алғанда – бұл урбанизациясы жоғары Солтүстік Америка мен Еуропа сияқты елдерге тән, жұмысқа орналасу мақсатымен бір қалалы аймақтан екіншісіне қоныс аудару. Кешегі күнге дейін «ауыл — қала» және «қала — қала» бағытындағы көші-қон Қазақстанның көші-қон ағымдарының құрылымында басым болып келді [2; 4].

Қала — ауыл: тәртіп бойынша мақсаты жаңа қонысқа көшу немесе бұрын ауылдың қалаға көшіп келгендердің кейін қайта көшуі болып табылады.

Сыртқы көші-қон (сыртқа қоныс аудару, сырттан көшіп келу) адамдардың бір елден екіншісіне қоныс аударуын білдіреді және оған шекаралардан өту тән болып келеді. Сыртқы көші-қон (оны кейде халықаралық деп те айтады), эмиграция (басқа елде тұрақты тұру үшін елден қоныс аудару) және иммиграция (елде уақытша немесе тұрақты тұру үшін шетелдіктердің көшіп келуі) сияқты түсініктермен беріледі.

Барынша кең таралғаны – көші-қон ағымдарының алты түрінен тұратын халықаралық көші-қонның жіктелуі болып табылады.

1. *Тұрақты қоныс аудару* – бұл елге кіруге заңды түрде рұқсат берілген және елге кіру негізі, отбасымен табысу мақсатындағы рұқсаты, қабылдаушы елде қоныстану мүмкіндігі бар сырттан қоныс аударушылар.

2. *Тіркелудегі жұмыс іздеп қоныс аударушылар* екі топқа бөлінеді:

- *Уақытша келісім шартқа отырған жұмыскерлер*, тәртіп бойынша, барған елінде белгілі бір уақытта ғана болатын біліксіз немесе біліктілігі төмендер.

- *Уақытша білікті жұмыскерлер*, бұлар ұлттық тасымал компанияларында немесе біріккен кәсіпорындарында жұмыс істейтіндіктен, бір елден бір елге ауысып отыратындар.

3. *Жасырын (тіркелмеген) қоныс аударушылар*. Бұлардың барған елдеріне жасырын кіргені себепті заңды мәртебесі болмайды. Егер қабылдайтын елдер рұқсат беру саясатын шектейтін болса, жасырын көші-қон арта түседі. Көшіп келушілерді әлсіз бақылайтын елдер үшін заңсыз көші-қон дағдылы құбылысқа айналуы мүмкін. Мысалы, Украина үшін бұл өте маңызды.

4. *Баспана іздеушілер* – саяси, діни, ұлттық себептермен немесе белгілі бір әлеуметтік топқа жатқандықтан, қуғын көріп босқын мәртебесін алу үшін шекарадан өтіп, өтініш беретін тұлғалар. Баспана беру туралы шешім 1951 жылғы босқын мәртебесі туралы Конвенцияда және қол қойған елдер үшін 1967 жылғы соған сәйкес Хаттамадағы өлшемдер арқылы шығарылады.

5. *Босқын деп танылғандар*, босқындар мәртебесі туралы 1951 жылғы Конвенцияға сәйкес тиісті мемлекет үкіметтері «нәсілдік, діни, азаматтық құрамы үшін белгілі бір әлеуметтік топқа жататындықтан, қуғын-сүргінге ұшыраған немесе саяси көзқарасы үшін өз елінен тыста тұратын және белгілі қауіппен бұл елдің қорғауын өздері пайдаланғысы келмейтін немесе пайдалана алмайтын; немесе азаматтығы жоқ және осындай себептермен өз елінен тыста тұратын, белгілі қауіптерден еліне қайтуға мүмкіндігі жоқ немесе қайтқысы келмейтін» деп тапқан адамдар болып табылады.

Көптеген сыртқа қоныс аударушылары бұл анықтамаға сәйкес келмейтінін түсіне отырып, 42 африкалық және 10 латынамерикандық ел босқындар түсінігін кеңейте түсетін аймақтық құжаттар қабылдады.

6. *De facto босқындар*, кейде оларды *сырттай қоныстандырылған тұлғалар*, яғни 1951 жылғы Конвенцияға немесе 1967 жылғы Хаттамаға сәйкес босқын деп танылмайтын, бірақ маңызды бір себептерге байланысты (әсіресе соғыс немесе зорлық-зомбылықтың күшеюі сияқты) уақытша қорғауға алынған және соған сәйкес олардың азаматтығы бар елдеріне немесе олардың азаматтығы жоқ елдеріне қайтарылмаған тұлғалар деп те атайды.

Әлбетте, шынайы өмірде басқа да жағдайлардың болуы мүмкін, ал аталған көші-қон ағымдарының біте қайнасып, араласып кетуі жиі кездеседі. Атап айтсақ, бұған Сирия, Ирак, Ливия және т.б. да қарулы қақтығыстар болып жатқан мемлекеттер кіреді.

Бұрынғы Кеңес Одағының аумағында жаңа тәуелсіз мемлекеттер құрылғаннан кейін осы мемлекеттердегі экономикалық және әлеуметтік-демографиялық жағдайдың түбегейлі өзгеруіне

байланысты жаңа мәселелер туындады. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуының және оны әлемдік қоғамдастықтың мойындауының нәтижесінде пайда болған жаңа экономикалық және саяси жағдаяттар бүкіл елдегі және оның аймақтарындағы көші-қондық үрдістердің түрі мен бағытына едәуір маңызды өзгертулер енгізді. Ұзақ мерзім бойы Қазақстан халықаралық миграциясы эпизодтық сипаттағы туристік және жеке сапарлармен, спорттық және мәдени іс-шараларға қатысумен шектелген жабық ел болды. Ол негізінен, социалистік және дамушы елдердегі өндірістік кәсіпорындар мен басқа да объектілердің құрылысына жоғары білікті жұмысшылардың іс-сапарлары түрінде жүзеге асты [3; 13].

Жүргізіліп отырған елдің «ашық болуы» саясаты, эмиграцияға байланысты көзқарастардың либералдануы халықтың Қазақстаннан басқа елдерге қоныс аударуларын күшейтіп жіберді, мұның өзі еңбек әлеуетін азайтты. Қазақстан үшін жоғары білікті кадрлардың ғылым саласынан іс-әрекеттің басқа салаларына ауысып кетуі көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Сонымен қатар Қазақстанға шетелдерден халықтың көп көлемде көшіп келуі тән болып отыр. Бұл мемлекеттік шекаралардың ашық болуына, республиканың геосаяси орналасуына, ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығына, сондай-ақ көші-қон жөніндегі заңдардың жетілдірілуіне, әрі көші-қон үдерістерін мемлекеттік реттеу тәжірибесінің жеткіліксіздігіне байланысты туындап отыр. Мемлекеттің саяси тұрақтылығы, оның нарықтық қатынастарға мақсатты түрде бағыт алуы Қазақстанды шетел капиталы мен жұмысшы күші үшін тартымды етіп отыр. Мұның өзі Қазақстандағы халық санының өзгерулеріне әсер етуде. Елге көшіп келушілерге байланысты жаңа мәселелер туындауда [4; 20].

Жан-жақты әлеуметтік-экономикалық, аймақтық даму, өмір сүрудің, халықты жұмыспен қамтудың, оның табысының және экономикалық дамудың жоғары қарқынына қолжеткізу мәселелері маңызды болып табылады. Дамудың объективті факторларынан туындаған Қазақстанның аймақтарының дамуының әркелкілігі мәселесі жұмыспен қамтудың құрылымын жетілдіруді талап етіп отыр.

Ал Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтар тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтінішті уәкілетті органдарға береді. Шетелдік азаматтар Республикада тұру құқығына арналған қолда бар құжаттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы немесе жаңасын беру туралы өтінішті өздерінің тұратын жері бойынша ішкі істер органдарына, оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірмей, ал ол жоғалған жағдайда — үш тәуліктен кешіктірмей береді.

Шетелдік азаматқа және азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден мыналарға бастартылуы мүмкін:

- 1) алдын ала заңсыз көшіп келушілерге, сондай-ақ өздері шыққан елдердің заңнамасы бойынша қылмыс жасағаны үшін қудаланушы көшіп-келушілерге;
- 2) тұрақты тұратын жері қылмыс жасағанға дейін Қазақстан Республикасынан тысқары жерде болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар;
- 3) адамзатқа қарсы қылмыстар жасаған адамдарға қатысты;
- 4) оралмандардан басқа, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Республикада болу кезеңінде өзінің төлем қабілеттігін растау қағазын ұсынбаған адамдарға;
- 5) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау органдары мен басқа да уәкілетті органдарының қорытындысына сәйкес Республика аумағында эпидемияның туындауына себеп болуы мүмкін ауруы бар адамдарға;
- 6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті органның, ішкі істер органдарының және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің дәлелді шешімінің негізінде Шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болуының құқықтық ережесі туралы заңнаманы бұзған адамдарға.

Тұрақты тұру рұқсатын және азаматтығы жоқ адамның куәлігін беруден бастарту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін. Шетелдік азаматтар өз төлқұжаттарының қолданылу мерзімі аяқталған күнінен бастап 6 айдың ішінде жаңа немесе ұзартылған құжаттарды көрсетпесе, ішкі істер органдары оларға азаматтығы жоқ адамның куәлігін береді.

Азаматтығы жоқ адамның куәлігі, егер оның иесі ішкі істер органдарына жарамды төлқұжатын көрсетсе, ықтиярхатқа ауыстырылады. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар, заңдарда Республика азаматтары үшін көзделген тәртіппен, тұрақты және уақытша тұратын жері бойынша тіркеуге жатады.

Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында болуының мерзімін қысқарту және оларды Қазақстан Республикасынан кетіру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздемелер бойынша жүргізіледі. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында болуының мерзімін қысқарту туралы және кетіру туралы шешімдерді ішкі істер органдары немесе ұлттық қауіпсіздік органы қабылдайды.

Шетелдік азамат Қазақстан Республикасынан сол шешімде көрсетілген мерзімде кетуге міндетті. Мұндай жағдайларда кетуден жалтарғандар соттың рұқсатымен қамауға алынуға және мәжбүрлеу тәртібімен кетірілуге жатады. Бұл ретте кетіру үшін қажетті мерзімге ұстауға жол беріледі. Оларды ұстау Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген тәртіппен ішкі істер органының арнайы мекемелерінде жүргізіледі.

Кетіру бойынша шығыстарды кетірілетін шетелдік азаматтар не шетелдікті Қазақстан Республикасына шақырған ұйымдар немесе жеке адамдар, ал ерекше жағдайларда ішкі істер органдары көтереді.

Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына келу құқығынсыз келген адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкету үшін ол адамдарды әкелген көлік ұйымы жауапты болып табылады.

Шетелдік азаматтар заңдарда белгіленген тәртіппен өзін Қазақстан Республикасынан кетіру және Республикада болу мерзімін қысқарту туралы шешімге шағымдануға құқылы.

Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын шетелдік азаматтардың аталмыш тәртіптерді бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы мәселе дипломатиялық арналар бойынша шешіледі.

Визалар кіру, кіру-шығу, шығу және шығу түрлері бойынша бөлінеді. Кіруші визаларды беру негіздері Қазақстан Республикасына шетел азаматтарының келу мақсаттарына сәйкес болуы тиіс. Қазақстан Республикасына туған-туыстарының немесе таныстарының шақыруымен, яғни жеке істері бойынша, сонымен қатар іскерлік жұмыстармен, білім алуға және туристер түрінде келетін шетел азаматтары, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көрсетілмесе, Қазақстан Республикасының территориясында жұмысқа тұра алмайды немесе визада көрсетілген келу мақсатына сай келмейтін басқа қызмет түрімен айналыса алмайды.

Шетелдік жұмыс күшін арнайы рұқсатсыз тартуға (енгізуге), сонымен бірге Қазақстан Республикасына уақытша келген шетел азаматтарының арнайы рұқсатсыз еңбек қызметімен айналысуына тыйым салынады.

Кіру визалары Қазақстан Республикасына оқуға, емделуге, сондай-ақ тұрақты тұруға келетін шетел азаматтарына 6 айға дейінгі қолданыс мерзімімен беріледі. Кіру-шығу визалары Қазақстан Республикасына келетін шетел азаматтарына екі жылдан аспайтын қолданыс мерзімімен беріледі. Шығу визалары жұмысы, оқуы, емделуі аяқталғаннан кейін немесе басқа да себептер бойынша Қазақстан Республикасынан түпкілікті кетуіне байланысты шетел азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан басқа елдерге тұрақты тұруға кететіндерге беріледі.

Шығу визалары берілген күнінен бастап 15 тәуліктен аспайтын, ал тұрақты тұруға кететіндерге 3 айдан аспайтын қолданыс мерзімімен беріледі. Шығу-кіру визалары Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасына оқуға немесе емделуге келген шетел азаматтарына, егер уақытша елден тысқары шығатын кездерде, беріледі. Кіру-шығу визалары 3 айға дейінгі қолданыс мерзіміне жарамды.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары: Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтарының жарамды ұлттық төлқұжаттары мен ықтиярхат куәлігі; Қазақстан Республикасында тұрақты тұру орны бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі негізінде Қазақстан Республикасына келе алады, онда бола алады және кете алады. Қазақстан Республикасынан шығарылған шетел азаматтары олардың шығарылуы туралы шешімнің және шығарылуы туралы мөртабан қойылған ұлттық төлқұжаттың немесе оны алмастыратын құжаттың негізінде визасыз Қазақстан Республикасынан кете алады.

Әдебиеттер тізімі

1 Петров В.Н. Миграции населения и этнические мигранты в современной России: моногр. / В.Н. Петров; под ред. В.И. Довренкова. — Краснодар: Изд-во КГУ, 2004. — 265 с.

2 Виноградова Е.В. Международный опыт миграционной политики: ретроспектива и новейшие тенденции / Е.В. Виноградова // Международная организация по миграции. — 2006. — №4. — С. 4, 5.

3 Садовская Е.Ю. Миграционные процессы и миграционная политика в СНГ / Е.Ю. Садовская. — М.: Прогресс, 2007. — С. 12–15.

4 Bozhkarauly A. Main factors influencing migration / A. Bozhkarauly, K. Complak // Bulletin of the Karaganda University. Ser. Law. — 2015. — No. 2(78). — P. 19–22.

А. Божкараулы

Классификация международной миграции и проблемы правовой регламентации

В современном мире миграционные процессы характеризуются множеством спорных моментов. Поскольку кроме правовых вопросов возникают политические, экономические, демографические, социальные проблемы, также актуальными являются этногеографические вопросы и проблемы трудовых ресурсов в экономике. Отмечено, что законодательное регулирование играет важную роль в организации и регламентации, в правовом обеспечении миграционного процесса. Подчеркнуто, что юридический аспект занимает особое место, поскольку от надлежащего правового обеспечения, регулирования и организации процессов миграции зависит решение других вопросов, имеющих существенное значение для жизнедеятельности общества.

Ключевые слова: миграция, виды миграции, переселение, трудовая миграция, факторы миграции, беженцы, миграционная политика.

A. Bozhkarauly

Classification of international migration and problems of legal regulation

The problem of migration is characterizing with special complexity, as it covers not only legal aspects, but also the problems of sociology, demography, political economy, ethno geography, the problems of labor resources in the economics. The legal aspect have the special important place, because the migration is closely connected with the legal security, regulation and organization of migration processes, from which depends other problems of essential value for living conditions of the society. The problem of migration is characterizing with special complexity, as it covers not only legal aspects, but also the problems of sociology, demography, political economy, ethno geography, the problems of labor resources in the economics. The legal aspect have the special important place, because the migration is closely connected with the legal security, regulation and organization of migration processes, from which depends other problems of essential value for living conditions of the society.

Keywords: migration, types of migration, resettlement, labor migration, migration factors, refugees, migration policy.

References

1 Petrov, V.N. (2004). *Migracii naseleniia i etnicheskie mihranty v sovremennoi Rossii [Migration of population and ethnical migrants in modern Russia]*. V.I. Dovrenkov (Ed.). Krasnodar: Kuban State University [in Russian].

Vinogradova, E.V. (2006). *Mezhdunarodnyi opyt mihracionnoi politiki: retrospektiva i novejshe tendencii [International experience of migration policy: a retrospective and the latest trends]*. *Mezhdunarodnaia orhanizatsiia po mihracii – Work abroad*, 4, 4–5 [in Russian].

2 Sadovskai, J.A. (2007). *Mihratsionnye protsessy i mihratsionnaia politika v SNG [Migration situation in CIS]*. Moscow: Progress [in Russian].

3 Bozhkarauly, A., Complak, K. (2015). Main factors influencing mihrotation. *Bulletin of the Karahanda University. Ser. Law*, 2(78), 19–22.